

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Экосын: табиғаттың тағдыры





**Мақсаты:** Пиппа Марландтың «Экосын» эссесімен, ондағы экосынның қалыптасу тарихымен, дамуындағы төрт толқынмен және қазіргі заманғы экосын теориясымен танысу.

**Тірек сөздер:** экология, сын, табиғат, арал, пост-гуманизм.

Бүгін біз сіздермен этникалық немесе нәсілдік ерекшеліктеріне, мекендері және қандай қызмет атқаратынына, әлеуметтік жағдайы мен материалды бақуаттылығына қарамастан, барлық адамзат үшін өзекті болып саналатын тақырып туралы сөз еткелі отырмыз. Әңгіме экология және әдебиет турасында болғалы отыр. Бұл тақырып Ұлыбританиядағы Вустер университетінің Гуманитарлы ғылымдар және шығармашылық өнер институтының оқытушысы Пиппа Марландтың «Экосын» атты эссесіне арқау болған.

Өзінің жұмысында П. Марланд аралдың біздің мәдени түсінігіміздегі орнына сипаттама береді. Эсседе аралдың мәдени географиядағы, архипелагтағы орны мен сын және әдебиеттегі маңызы, пост-гуманизмнің қазіргі заманғы экосыни теориясы жайлы пікірлері келтірілген.

Экосын – әдебиеттегі адам мен адам емес жаратылыстардың арасындағы қатынасты зерттейтін сыни тәсілдерді айқындайтын негізгі термин.

Экосынды білдіретін терминдердің тағы біреулері – «экологиялық сын» немесе «жасыл мәдени зерттеулер» өсімдіктер әлемін кино, телевидение, виртуалды әлем, көпшілік, музыка т.б. салаларда қарастырады. Сыншылардың пікірлері олардың экологияға деген көзқарасына қарай қалыптасады. «Эко» префиксі басқа экологиялық коннотацияларға қарағанда маңыздырақ. Эко префиксі қосылған сөздер «адам мен адам емес жаратылыстар арасындағы байланысты» білдіреді.

Зерттеу салалары мен нысандары көп, экосында легитимділік немесе сыни теориямен байланыс жоқ. Питер Бэрри өзінің атышулы «Әлемнің басталу теориясы» атты еңбегінде экосынды – академиялық шектері бар, тұжырымдар, доктриналар немесе процедуралардың жиынтығына ешқандай қатысы жоқ қозғалыстар ретінде қарайды. Тимоти Кларк «орта дегеніміз – үздіксіз өзгеріп отыратын қоршаған әлем» деп атайды. Бұдан шығатын қорытынды – биосфера және ондағы біздің орнымыз туралы мәселені қарастыру үшін бірқатар процедуралар өткізіп, тұжырымдар мен доктриналардың көп болатынын алдын ала білу керек. Экосын белгілі бір дәрежеде «экологиялық сауаттылық» дегенді білдіреді. Кларк бұл мәселенің маңызы тереңде деп есептейді: «ғаламшардың қозғалу қарқынын зерттеу үшін көптеген факторларды саралап, өздігімен өзгеріп отыра алатын құралдарды пайдалану керек».

Лоуренс Буэлл осы ретте экосынды зерттеудің басымдықтары көп екенін ерекше атайды: «Әдеби экодискурс бүгінгі таңда кең қолданыс тауып, әлеммен белгілі бір желілік байланыс жасап, пәнаралық қасиетке ие болып келеді. Демек, экодискурстың қатысушылары қозғалыстың ішкі немесе айналасындағы күйін саралай алуы керек».

Өзінің эссесінде П. Марланд «экосын» терминін қолданып, әртүрлі экологиялық және сыни тәсілдерді жеңілдету мақсатын көздейді. Экосын соңғы 20 жыл ішінде қарқынды дамып келеді.

Бүгін біз экологиялық дағдарыс жағдайында өмір сүріп келеміз. Сондықтан әлемдегі орнымызды қайтадан бағалағанымыз дұрыс. Буэлл экосынға берген алғашқы анықтамаларында экологиялық дағдарысты – қиялдау дағдарысы деп көрсетіп, ол табиғатты визуализациялау мен адамның қатысын білдіру тәсіліне қарай жақсарып отырады деген пікір айтады. Ғалымның ойынша, қоршаған әлемдегі орнымызды айқындайтын тәсілдер – біздің ғаламымызға кері әсер етеді. Сондықтан Буэлл алдына мынадай міндет қояды – экосынның мақсаты – бұзылуға алып келетін концептуализацияны сынға алу.

1960 жылдары экологиялық сана пайда болды. Рахиль Карсонның «Үнсіз көктем» (1962) атты мақаласында «қазіргі экологияның» пайда болуы туралы әңгіме қозғалады. 1960–1970 жылдар арасында жарияланған жұмыстар экосыни тәжірибесінің алғашқы қадамдары ретінде танылды. 1992 жылы АҚШ-та алғаш рет «Әдебиет пен қоршаған ортаны зерттеу бойынша ассоциация» атты кәсіби ұйым құрылды. 1993 жылы «Әдебиет пен қоршаған орта арасындағы пәнаралық зерттеулер» атты журналдың негізі салынды. Дәл осы ұйымдарға ұқсас мекемелер 1998 жылдары Ұлыбританияда құрылып, 2000 жылдан бастап «Жасыл әдебиет» атты журнал шығарыла бастады.

«Экосын оқырманы» атты экосыни эссенің алғашқы жинақтарына жазған кіріспесінде Шерил Глотфельти экологиялық сынның жетіспейтінін жазып, әдебиеттің экология мәселесіне немқұрайлы қарайтынын айтып, сын тағады: «Егер сіздің қоршаған орта туралы біліміңіз



әдеби басылымдар аясында шектеліп қалған болса, нәсіл, тап, жыныс мәселелері бүгінгі жиырмасыншы ғасырда өзекті тақырып екенін білер едіңіз. Жердің тіршілік ету жүйесі бүгінде жойылу қаупінде екенін түсінер едіңіз. Бірақ ешқашан да жердің тіршілік ететінін білмей өтесіз».

Адам баласының осындай түсінігіне әсер ететін факторлардың бірі – қоршаған орта туралы зерттеулер тек қана «ғылыми» мәселе деп қате түсінілуінде. Тағы бір қиындық – Жер туралы әңгіменің күрделілігінде. 1970 жылдары қарқынды дами бастаған теориялар, мәселен феминизм мен постколониализм қалыптасып, саяси және әлеуметтік себептерге сынмен қарай бастады. Алайда бұл алғашқы экосындарда сын теориясы Жер туралы қандай да бір үгіт-насихаттар жүргізуге тиым салған қағиданың шырмауында дамыды. Экосынның алғашқы теориялары көптеген кедергілерге тап болды. 1970–1980 жылдар аралығында структурализм мен постструктурализмде «тіл – тұйық жүйе, шындық тілде көрініс беруі керек, әрі мәтіннен тыс ештеңе жоқ» деген тұжырым қалыптасты. Барри Дерридің «Грамматология» атты эссесін басшылыққа ала отырып, «Экстремалды тесктологизмді жақтап алу» мақсатында кез келген ақиқат тілде көрініс таба алады, сондықтан тілден тыс өздігімен тіршілік ететін ешқандай ақиқат әлем болмайды» деген контекстін негізге алады.

Жаңа историзм контекстінде Алан Лю басқа қарсы пікір ұсынады: «өз бетімен тіршілік ететін ешқандай табиғат» жоқ. Терри Гиффорд болса Людің бұл тұжырымына қарсы шығып, былай дейді: Лю табиғатқа дәнекер деп дұрыс анықтама бергенмен, кез келген дәнекердің физикалық жағы болатынын ескермейді.

Ерте кездегі экосын «табиғаттың» лингвистикалық құрылымын мойындамағанмен, «ортақ физикалық дәнекерлікті» талқылауға болатын теориялық кеңістікті құруға деген қарқынды талпыныс жасалды.

### **Бірінші толқын – ақиқатты қалпына келтіру**

Экосынның бірінші толқыны – АҚШ-та өрбіп, әдебиетте әлемді мәтіннен тыс кеңістікке бейнелеуді мақсат етілді. Лоурэнс Буэлл «Экологиялық қиялдау» мақаласында экологиялық бағыттағы жұмыстарды төрт тұжырым бойынша жіктейді:

1. Адамға тән емес орта адамның табиғи тарихымен тығыз байланысты;
2. Адамның көзқарасы – әлемдегі жалғыз ғана қағида емес;
3. Адамның қоршаған ортаға деген жауапкершілігі – мәтіннің этикалық бейімделуінің бір бөлігі;
4. Қоршаған орта мәтінде көрініс беруі тиіс.

Буэлл мәтіннің «этикалық бейімделуі» – экосынның маңызды элементі деп біледі. Басқаша оны «қоршаған ортаны қорғауға деген талпыныс рухы» деп атайды. Мәдениеттен саясылыққа дейін таралған мәселелерге негізделген теорияға сүйенсек, экосын адам баласының адамнан тыс әлеммен өзара байланысын шынайы зерттеуге көңіл бөлген. Контр-канонды мәтіндерді құру – әлемнің экологиялық дамуын көрсетеді.

Шерил Глотфельти осы төрт тұжырымды өзінің «Экосынның оқырмандары» атты эссесінің кіріспесінде келтіреді. Сонымен қатар, экосынның басқа да толқындарының дамуы мәселесін қарастырады.

АҚШ-та экосынның дамуының алғашқы толқыны деректі әдебиеттермен байланысты дамыды. Генри Дэвид Торо, Джон Мьюир, Мэри Остин, Эдвард Эбби, Венделл Берри және Энни Диллард секілді жазушылар экологиялық бейнелеу қабілеттері үшін жоғары бағаланды. Олар ландшафттар, әдетте шөл далалар немесе жартыаралдарды суреттеп, шығармаларында американдық трансцендентализм және оның жабайы табиғатты құндылық ретінде тануды насихаттады. Бұл тәсіл – табиғатқа сыни көзбен қарамаудан келіп қалыптасты.

Британдық экосынның бірінші толқыны поэзияға көңіл бөлді. Оны Джонатан Бэйт басқарды, ақын «Романтикалық экология: Вордсворт және экологиялық дәстүр» (1991) және «Жер туралы жыр» (2000) өлеңдерінде романтикалық сарындағы ақындардың, әсіресе Уильям Вордсворттың табиғат туралы көзқарастарын қайтадан қалпына келтіруге тырысады. Бэйт



үшін романтикалық поэзия бізді әлемді «нәзік» деп танып, оның адамға тән емес басқа әлем ретінде икемшіл екенін түсінуге көмектеседі деп білді.

Алайда Бэйт экологиялық тәжірибе мәселесіне келгенде, Буэллдің пікірімен келіспейді. Өзінің идеяларын ұсына отырып, Хайдеггердің әлемде тіршілік ету үшін адамға тұратын мекен керек деген тұжырымын қолдайды. Поэзия «Жер бетінде өмір сүру немесе тіршілік ету» деген ұғымның құндылығын түсіндіреді.

Британдық пейзаж бен оның әдеби естеліктерінде әлеуметтілік пен саясылық бір-бірімен тығыз байланысты көрсетіледі. Битер Бэрри британдық экосынды «өте нәзік», оған өндірістік, үкіметтік, коммерциялық және колониалды емес күштерден экологиялық қауіптер төніп тұр деп пайымдайды. Доминик Хед Томас Харди мен Д.Х. Лоуренстің шығармаларының арасындағы айырмашылыққа талдау жасай келе: «әлеуметтік тарих пен сексуалды саясат ландшафта көрініс береді» деген ой тастайды.

Әлеуметтік-экономикалық тарих пен сексуалды саясат арасындағы байланыс мәселесі экосынның дамуына қарай айқын көріне бастады. Алғашқы толқын референтті қайта қалпына келтірді, бірақ, сәтсіздікке тап болды.

## Терең және әлеуметтік экология

Екінші толқынды талқылауға кіріспес бұрын, екі түрлі ойды қарастырып өтелік: терең және әлеуметтік экология мәселесі. Терең экологтар адамның ғаламдағы орнын түбегейлі қарастыру керек деп біледі. Олар биоцентристік/экоцентристік перспективаларды қабылдап, адамның биосферадағы орнын қайта саралайды. Олар құндылықтарға жеке тұлғалық түзетулер жасай отырып, жердің экологиялық бағасын жақсартуға болады деп сенді. Ол үшін адам баласы өзін қараңғылықта қайта қарап, адам әлемімен қандай байланысы бар екенін түсінуі керек. Терең экология антропоцентризмді қауіпті деп есептейді, «табиғи әлемді адамзаттың ресурсы деп қабылдау» секілді болмашы экологиялық көзқарастарға сүйенсек, адамның қажеттіліктері мен талаптары басты орында екенін дәлелдейді деп біледі. Басқаша айтқанда, олар біздің әлемдегі иерархиялық жағдайымызды қайта саралайтын болсақ, біздің тап болған әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға болады деп білді.

Әлеуметтік экологтар «адамның табиғатқа билік етуі – адамның адамға билік етуінен» келіп туындаған ұғым деп есептейді. Сонда терең экологтарға қарағанда, әлеуметтік экологтар алдымен әлеуметтік теңсіздік және зорлық мәселелерін талқылағанда ғана қоршаған ортадағы дислокацияны жоюға болады деп есептейді. Экологтардың екі тобы да қатты сынға ұшырады: терең экологтар – әлеуметтік өлшемді жеткілікті деңгейде қолдана алмады деп, ал әлеуметтік экологтар – әлеуметтік жүйелердің ұзақтығын қате бағалады деп. Соған қарамастан, екі бағыт та әлі күнге қарқынды даму үстінде, экосында теориялық пікірталастар толастамағанын дәлелдейді. Бірінші толқын экосыны терең экологияға сүйенді, табиғатпен тұлғалық және қайталама байланысқа ерекше назар аударды. Екінші толқын әлеуметтік экологияны негізге алды. Үшінші және төртінші толқындарға қарап, экологияның екі бағыты бір-біріне жақын не ұқсайтынын көреміз.

Лоуренс Буэлл экосыны толқындар ұғымын алғашқы болып ендірген ғалымдардың қатарында болса да, «Әдебиеттануда экологиялық сын деген ұғымға нақты анықтама беруге немесе суреттеуге болмайды. Соған қарамастан, экосынның бірінші толқынын екінші толқынынан эволюциялануын білдіретін бірнеше ерекшеліктерді атап кетуге болады. Бірінші және екінші толқындар арасындағы айырмашылық ретті емес. Ерте экосыннан басталған ағымдардың көпшілігі күшті болған, екінші толқынның көптеген формалары бастапқы ағымдарды негізге алып отырған», – деген пікір айтады.

Постколониалды сын табиғаттың идеологиялық құрылымы мен колониалды халықтардың жәбірленуі және құлдыққа тартылуы арасында интегралды байланыс бар деп білді: «Постколониалды зерттеулер экологиялық қиындықтарды еуропалық басқыншылық және жаһандық билік құру жобасы ретінде түсінді. Сол сияқты экологиялық қиындыққа империализм мен нәсілшілдік те ықпал етеді».



Колониалды түсінік жаңаша сипат алып, экосынға белгілі бір деңгейде ықпал етіп, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-әрекетті қайта саралау қажет екенін көрсетті. Экологиялық дискурстар колониалды емес, батыстық пікірге сүйеніп, оңтүстіктегі кедейлер өмір сүретін жерлердің табиғатына қарсы екенін дәлелдейді. Кедей елдердің табиғатының ары қарай деградациясы бай ұлттар өмір сүретін жерлердің табиғатын қорғаушылардың сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында әншейін жүргізіле салуы мүмкін. Сөйтіп бай елдердің табиғатын сақтаймын деп қалдықтар мен өндірістік улы заттар «ауланың артына» төгілуі әбден мүмкін. Роб Никсон өзінің «Білдірмей зорлық көрсету және кедейлердің энвайронментализмі» атты кітабының кіріспесінде Бүкіләлемдік банктің қызмет хатын келтіреді. Хатта «жалақысы аз елдерге» улы қалдықтарды төгудің саяси құндылығы төмен екенін, былайша айтқанда Бүкіләлемдік банк лас қалдықтардың дамымаған немесе дамуда артта келе жатқан елдерге миграциялауын қолдайтыны жазылған.

### **Жасырын зорлық – жаһандық экосынға апарар жол**

Роб Никсонның осы тақырыпқа арналған зерттеуі әлемдегі экологиялық мәселеге жергілікті ғана емес, жаһандық назар аударылуы керектігін түсіндірді. Никсонның ойынша, климаттың өзгеруі, криосфераның еруі, токсинді дрейф, биомагнификация, ормансыздану, соғыстардың радиактивті салдары, мұхиттардың қышқылдануы секілді экологиялық проблемаларды бірден байқау немесе сандық жағынан нақты бағалау мүмкін емес. Ол бұларды – білдірмей зорлық көрсету деп атайды, яғни біртіндеп, адамға білінбей жүргізілетін зорлық. Әрине, оны бір қарағанда, зорлық деп атауға да болмайды. Лоуренс Буэлл секілді Никсон экологиялық жолдама болып саналатындай хатты іздемек болады. Сөйтіп шындықты ашып, табиғаттың материалды түрде қатысып отыратынын дәлелдеп, көзге көрінбейтінді айқын еткісі келеді. Никсон осы мақсатта белсенді-жазушылар – жағдайды өзгерткісі келетін авторлардың жұмыс жасау керек деп есептейді. Олардың шығармашылық хаттары ғана көрместі көрсетіп, халықтардың түсінуіне ықпал етеді деп біледі.

Кейбір постколониалды экосыншылар шығармашылық хаттардың бұл мүмкіндігін бағалап, мұндай магиялық реализм бірқатар жазушылардың қолынан келгенін айтады. Олар: Упамано Пабло Мукерджидің «Постколониалды орта» романы, Индра Синхтың «Жануарлардың адамдары» романы т.б.

Білдірмеу зорлық көрсетудің нәтижесінде бүгін біз геологиялық дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Геологиялық дәуір – шартты түрде «антропоцен» деп аталды. Дәуірдің басты мақсаты – экосыни парадигманың қажеттілігін көрсету, экологиялық әділдік орнату.

«Жасыл әдебиеттің» 2012 жылғы көктемдегі шығарылымы «Жаһандық және постколониалды экология» тақырыбына арналды. Онда әлеуметтік-экологиялық марксистік түсініктер жаһандық, әсіресе, Джейсон Мурдың «әлемдік экологиясы» төңірегінде талқылаулар жүргізу үшін қолданылды. Әлемдік экология дегеніміз – әлемдік экологияның дәуірлік қайта орнығуы, капиталистік әлемдік экономиканың күшеюі. Журналдың редакторы Шараэ Декарду постко-лониалды әдеби сынның шеңберін кеңейтіп, қоршаған ортаны қорғаудағы әдеби және сыни тәсілдер арасындағы мәдени, саяси және эстетикалық айырмашылықтарды ерекше көрсетуге мүмкіндік алды.

Дәл осы жерден бүгінгі әңгімемізді тоқтатайық. Тақырып келесі дәрісте ары қарай қарастырылатын болады. Келесі дәрісімізде сіздермен экосынның дамуының үшінші және төртінші толқындары және қазіргі заманғы экосыни теориялар жайлы сөз ететін боламыз.

### **Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар**

1. Экосынның пән ретіндегі маңызы қандай?
2. Экосынның дамуының екінші толқыны – экофеминизм мен постколониалды зерттеулер қандай жаңалық әкелді?





## Әдебиеттер

1. Buell Lawrence. The Future of Environmental Criticism: Environmental Crisis and Literary Imagination. – Malden, Oxford and Victoria: Blackwell Publishing, 2005.
2. Barry Peter. Beginning Theory: An Introduction to Literary and Cultural Theory. – Manchester: Manchester University Press, 2009.
3. Clark Timothy. The Cambridge Introduction to Literature and the Environment. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011.
4. Buell Lawrence. The Environmental Imagination: Thoreau, Nature Writing, and the Formation of American Culture. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1995.
5. Carson Rachel. Silent Spring. – London: Penguin Books, 2000.
6. Glotfelty Cheryl and Harold Fromm. The Ecocriticism Reader: Landmarks in Literary Ecology. – Athens, GA: University of Georgia Press, 1996.
7. Parham John. The Poverty of Ecocritical Theory: E.P. Thompson and the British Perspective. – New Formations. – 2008. – 64.
8. Wheeler Wendy and Hugh Dunkerly. Introduction. – New Formations. 2008. – 64.
9. Barry Peter. Beginning Theory: An Introduction to Literary and Cultural Theory. – Manchester: Manchester University Press, 2009.
10. Liu Alan. Wordsworth: The Sense of History. – Stanford, CA: Stanford University Press, 1989.
11. Gifford Terry. Green Voices: Understanding Contemporary Nature Poetry. – Manchester: Manchester University Press, 1995.
12. Bate Jonathan. The Song of the Earth. – Basingstoke and Oxford: Picador, 2000.
13. Barry Peter. Beginning Theory: An Introduction to Literary and Cultural Theory. – Manchester: Manchester University Press, 2009.
14. Head Dominic. Ecocriticism and the Novel. – The Green Studies Reader: From Romanticism to Ecocriticism. – London and New York: Routledge, 2000.
15. Snyder Gary. The Practice of the Wild. – Berkeley, CA: Counterpoint, 1999.
16. Bookchin Murray. The Ecology of Freedom: The Emergence and Dissolution of Hierarchy. – Oakland, CA: AK Press, 2005.
17. Gaard Greta. New Directions for Ecofeminism: Toward a More Feminist Ecocriticism. – Interdisciplinary Studies in Literature and Environment. – 2010. – 17.4.
18. Meyer John M. Political Nature: Environmentalism and the Interpretation of Western Thought. – Massachusetts: MIT Press, 2001.
19. Haraway Donna. Simians, Cyborgs and Women: The Reinvention of Nature. – New York and London: Routledge, 1991.
20. Merchant Carolyn. Earthcare: Women and the Environment. – New York: Routledge, 1995.
21. Huggan Graham and Helen Tiffin. Postcolonial Ecocriticism: Literature, Animals, Environment. – Abingdon and New York: Routledge, 2010.
22. Nixon Rob. Slow Violence and the Environmentalism of the Poor. – Harvard: Harvard University Press, 2011.
23. Guha Ramachandra and Juan Martinez-Alier. Varieties of Environmentalism: Essays North and South. – London and New York: Routledge (Earthscan), 1997.
24. Deckard Sharae. Editorial. – Green Letters: Studies in Ecocriticism. – 2012. – 16.